

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 12 желтоқсандағы N 1260 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 19 қазандағы N 1076 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "2004 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 12 желтоқсандағы N 1260 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулыға 2-қосымшада:

04 "Білім беру" деген функционалдық топта:

225 "Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі" деген әкімші б о й ы н ш а :

012 "Білім беру объектілерін салуға және құруға облыстық бюджеттерге, Алматы қалалық бюджетіне берілетін мақсатты инвестициялық трансферттер" деген б а ғ д а р л а м а д а :

"Ақмола облысы Ерейментау ауданының Ерейментау қаласында Бөгенбай батыр атындағы қазақ мектебіне қосымша құрылыс салу" деген жолдағы "114230" сандар "112719" деген сандармен ауыстырылсын;

"Ақтөбе облысы Темір ауданының Тасқопа кентінде 320 орынға арналған Теректі орта мектебін салу" деген жолдағы "134100" деген сандар "132500" деген сандармен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

"Ақтөбе облысы Ойыл ауданының Қараой селосында 504 орынға арналған орта мектеп салу" деген жолдағы "119980" деген сандар "117600" деген сандармен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

"Алматы облысы Қарасай ауданының Шамалған селосында 600 орынға арналған орта мектеп салу" деген жолдағы "614000" деген сандар "698630" деген сандармен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

"Атырау облысы Құрманғазы ауданының Асан селосында 120 орынға арналған мектеп салу" деген жолдағы "92000" деген сандар "91320" деген сандармен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

"Жамбыл облысы Жуалы ауданының Талапты селосында 250 орынға арналған мектеп салуды аяқтау" деген жолдағы "109380" деген сандар "102770" деген сандармен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

"Маңғыстау облысы Маңғыстау ауданының Жыңғылды селосындағы мектеп-интернаттың 200 орынға арналған жатақхана-интернатын салу" деген жолдағы "122910" деген сандар "114560" деген сандармен ауыстырылсын;

"Маңғыстау облысы Қарақия ауданының Жетібай кентінде 624 орынға арналған орта мектеп салу" деген жолдағы "283990" деген сандар "282002" деген сандармен ауыстырылсын ;

"Павлодар облысы Павлодар ауданының Набережное селосында 420 орынға арналған орта мектеп салу" деген жолдағы "312440" деген сандар "307563" деген сандармен ауыстырылсын ;

"Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан қаласы қалалық әкімшілігінің Қарашық селосы Новостройка бөлімшесінде 900 орынға арналған мектеп салу" деген жолдағы "240000" деген сандар "193632" деген сандармен ауыстырылсын;

"Атырау қаласының "Сельстрой" шағын ауданында 624 орынға арналған орта мектеп салу" деген жолдағы "430000" деген сандар "419734" деген сандармен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*